«Ақтөбе қаласы білім бөлімі»ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
«№41« Назерке » бөбекжай - балабақшасы »
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
2024 жылғы « 29» 08
№ 400 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

БАҒДАРЛАМА
«Көңілді дыбыстар »
(мектепалды тобы)

Ақтөбе, 2024 жыл

Бағдарламаның негізі: Ә.С. Әмірова «Сауат ашу және жазу» 2013 ж.

Құрастырғандар: Киялова Айым Байдуллаевна

№41 « Назерке » бөбекжай - балабақшасының педагогикалық кеңес отырысында « Көңілді дыбыстар» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № _1_ « 27 » _08_ 2024 жыл

«№41 «Назерке» бөбекжай – балабақша » МКҚК меңгерушісі: ____________
А.Г.Уртамбаева
(аты-жөні)

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Көңілді дыбыстар» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № _1_ « 28 » _08_ 2024 жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы ____________ Ж.Б.Шалабаева
(қолы) (аты-жөні)

**Ақтөбе қаласы, №41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасының тәрбиешісі Киялова Айым Байдуллаевнаның «Көңілді дыбыстар» бағдарламасына**

## ПІКІР

Балабақша – келешек ел басқарар,жер-суын иелік етер, халқының мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз ұрпақты шыңдайтын киелі ұя. Сондай- ақ, балабақша – баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Қазіргі таңда балабақша педагогтарының жаңа инновациялық технологияны меңгруі – оқу –тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруы басты мақсаттардың бірі. Осы мәселе төңірегінде тәрбиеші өз іс –тәжірибесінен алынған сауат ашу оқу іс әрекетін басшылыққа ала отырып «Көңілді дыбыстар» атты бағдарламасын жинақтаған.

Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне сай құрылып, дыбыс пен әріпті саналы меңгертіп, сөйлемнің сөзден, сөз буыннан және дыбыстан құралатынын түсіндіру.Дыбыстармен әріптердің айырмашылығын меңгерту және де, дауысты ,дауыссыз дыбыстарды бір – біріненe ажыратып (айтылуына қарай созылыңқы, келте, жуан және жіңішке болып келетіндігі ) қызыл , көк текшелермен белгілеуді үйрету көзделген. Балалар дыбыстарды айтуға дағдыланумен бірге олардың қалай таңбаланатынымен де танысады. Дыбыстардың таңбасын білу, әріптерді үйрету – сауатты болудың алғашқы баспалдағы. Әріптерді білу арқылы жазуды меңгереді.

Бағдарламаға балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып тақпақтар,ертегі еліне саяхат сабақ түрлері, ұлттық ойындар түрлері, тосын сыйлар енгізілген.

Осы жұмыстың нәтижесінде тәрбиеленуші балалар дыбыстарды орынды қолданып, толық сөйлеуге және өз ортасымен қарым – қатынас жасауға төселіп, көркем жазу үлгісін меңгеріп, ой – өрістері дамып, жұмыс барысы кезінде бір – бірінен шапшаңдықты, ептілікті, тапқырлықты үйренеді.

Пікір беруші
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің профессоры, п.ғ.д.                К.Ж.Туребаева

## Түсінік хат

Аталып отырған бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балалардың сауат ашу білімдерін дамыту негізінде жасалып отыр. Сауат ашу кезеңі қазақ тілінің грамматикасына және әдебиет туралы білім жүйесіне кіріспе болып табылады. «Көңілді дыбыстар» бағдарламасы көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту , жаратылыстану оқу қызметтерімен байланыстырыла жүзеге асырылады.

**Өзектілігі:**Балалардың дыбыстардың айтылуын, олардың әріп таңбаларымен оқу және жазу дағдыларын қалыптастырып, грамматикалық ұғымдарымен таныстыру, сөздік қорын байытып, айтатын ойын толық, жүйелі жеткізуге бағытталған.

**Бағдарламаның мақсаты:** Балаларға фонематикалық есту - тыңдауын, дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдар мен түсініктерін түрлі ойындар арқылы қалыптастыру.

**Бағдарламаның міндеті:** Балаларды ойната отырып, қазақ әліпбиіндегі әріптермен таныстыру, дыбыстарды нақты және дұрыс айтуға, әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға үйрету.
Дамытушы ойындар арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту.
Балаларды бір –бірін сыйлауға, таңдай алуға, әдептілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтеже:**

Қазақ тіліндегі әріп пен дыбысты меңгере отырып, дыбыстарды , сөздерді нақты айтады. Дамытушылық ойындар арқылы сөйлеу тілі ,сөздік қоры дамиды. Әңгіме , ертегілер арқылы адамгершілік қасиеттері шыңдалады.

« Көңілді дыбыстар» бағдарламасы мектепалды тобына 72 сағатқа енгізіліп,аптасына 2 рет өткізіледі.

## Тақырыптық жоспар

| р/с | Тақырыбы | саны |
|---|---|---|
| 1 | Қуыршақ Ая «Кел, танысайық!» Сөйлеу. | 1 |
| 2 | Сыйқырлы сандық. Сөйлем | 1 |
| 3 | Ая мен Алидің ауылға саяхаты. Сөйлем түрлері | 1 |
| 4 | Жемісті баққа саяхат. «Мен білетін жақсы сөздер». Сөз. | 1 |
| 5 | Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын. | 1 |
| 6 | «Көңілді трактор» Айналамыздағы дыбыстар. Дыбыс. | 1 |
| 7 | «Жайлаудағы киіз үй».Дауысты,дауыссыз дыбыстармен танысайык | 1 |
| 8 | Түрлі – түсті тастар. Дауыссыз дыбыстар | 1 |
| 9 | «Атамның арбасы»А дыбысы | 1 |
| 10 | «Әжемнің текеметін құрайық» Т дыбысы | 1 |
| 11 | Ойыншықтар әлеміне саяхаттау П дыбысы | 1 |
| 12 | «Ас атасы - нан»Н дыбысы | 1 |
| 13 | «Біз ғарышкер боламыз» Ғдыбысы | 1 |
| 14 | Ойнайық та, ойлайық «Адасқан буындар.» | 1 |
| 15 | «Роботпен бір күн»Р дыбысы | 1 |
| 16 | «Жеті лақ» ертегісі Л дыбысы | 1 |
| 17 | Әсем гүлдер «Л», «Р» дыбыстары | 1 |
| 18 | «Ағаш үйді құраймыз»У дыбысы | 1 |
| 19 | Қысқы ойындыр Ш дыбысы | 1 |
| 20 | Ш дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс | 1 |
| 21 | Сиқырлы айна ойыны .Й дыбысы | 1 |
| 22 | «Шашылған заттар неге ұқсайды?»О дыбысы | 1 |
| 23 | «Сүйкімді жануарларым»Қ дыбысы | 1 |
| 24 | «Достық көмек»Д дыбысы | 1 |
| 25 | «Мақта қыз бен мысық» ертегісі Пазлды сурет. М дыбысы | 1 |
| 26 | «Жұлдыз құрт» , «Жоғалған буын» дидактикалық ойыны | 1 |
| 27 | «Алтын балық» ойыны.Б дыбысы | 1 |
| 28 | «Сиқырлы сандық сырлары» С дыбысы | 1 |
| 29 | «Көңілді дыбыстар» С,Ш дыбыстарын дұрыс айтамыз | 1 |
| 30 | «Көгілдір экран» Ы дыбысы | 1 |
| 31 | Жұмбақ айта білеміз. Ж дыбысы | 1 |
| 32 | «Ұшты, ұшты ойнаймыз» Ұ дыбысы мен әрпі | 1 |
| 33 | «Жаңғақтардың құпиясы» Ң дыбысы | 1 |
| 34 | Құрастырма суреттер. «Ң» мен "Н" дыбысын үйренейік | 1 |
| 35 | «Қызықты таяқшалар»Е дыбысы | 1 |
| 36 | «Жоғалған буын» дидактикалық ойыны | 1 |
| 37 | «Шаршының сырлы қырлары»К дыбысы | 1 |
| 38 | «Қарға мен түлкі» ертегісі І дыбысы | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| 39 | «Әжемнің сандығы»Ә дыбысы | 1 |
| 40 | «Жұма атайдың жұмбақтары»И дыбысы | 1 |
| 41 | Зырылдауықтың қызықтары.З дыбысы | 1 |
| 42 | «Қонақта Өрмекші адам»Ө дыбысы | 1 |
| 43 | «Үрме бұршақтармен жұмыс»Үдыбысы | 1 |
| 44 | «Жеті түсті гүл күлтешесі» Г дыбысы | 1 |
| 45 | Қыс қызығы (буындардан сөз құра). | 1 |
| 46 | «Қызықты экран »Я дыбысы | 1 |
| 47 | Я дыбысын айтып үйренейік | 1 |
| 48 | «Аю» туралы ән Ю дыбысы | 1 |
| 49 | «Көңілді дыбыстар» Ю дыбысының айтылуы | 1 |
| 50 | «Хоккей» ойыны Х дыбысы | 1 |
| 51 | «Ұнтақ жармамен жұмыс» Һ дыбысы | 1 |
| 52 | «Түрлі – түсті жіптер»Х және Һ дыбыстарының айтылу ерекшелігіне тоқталу | 1 |
| 53 | «Вагондар тізбегі» ойыны В дыбысы | 1 |
| 54 | «Сиқырлы шам мен құпия сандық »Ф дыбысы | 1 |
| 55 | «Қызықты вагондар »В және Ф дыбыстары | 1 |
| 56 | «Сыры көп бояулар»Ё дыбысы | 1 |
| 57 | «Дыбыстардың достығы»Ё дыбысы – екі дыбыстың бірігуі арқылы жасалған. | 1 |
| 58 | «Үйшік» ертегісі Сөйлем құрайық. | 1 |
| 59 | «Ғажайып дорба»Э дыбысы | 1 |
| 60 | «Соқыр теке» ойыны Щ дыбысы | 1 |
| 61 | Буындардан сөз құра. | 1 |
| 62 | «Түрлі – түсті шарлар»Ц дыбысы | 1 |
| 63 | Сурет бойынша әңгіме | 1 |
| 64 | «Чемоданның сыры»Ч дыбысы | 1 |
| 65 | Бірінші буынын тап | 1 |
| 66 | Дыбыстарды ажыратамыз | 1 |
| 67 | Әйбат біздің Әліпби. | 1 |
| 68 | Сурет бойынша әңгіме. | 1 |
| 69 | Буындардан сөз құра | 1 |
| 70 | Сөз құрастыр | 1 |
| 71 | Қызықты ребустар. | 1 |
| 72 | Ғажайып алаң | 1 |
| | Барлығы | 72 |

## Тақырыптық жоспар

| р/с | Тақырыбы | Міндеті | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Қуыршақ Ая «Кел, танысайық!» Сөйлеу. | Сурет бойынша сұрақтарға жауап беруді және сол арқылы әңгіме құрастыруды үйрету.<br>Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>Ізеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 2 | Сиқырлы сандық. Сөйлем | Сиқырлы сандық ішіндегі суреттер арқылы сөйлем құрау. Сөйлем сызбасын құрай алуға үйрету.<br>Дамытушы ойындар арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>Балаларды бір –бірін сыйлауға тәрбиелу | 1 |
| 3 | Ая мен Алидің ауылға саяхаты. Сөйлем түрлері | Сөйлемдерді интонация бойынша ажыратуға жаттықтыру (хабарлы, сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдана алуға үйрету.<br>Сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Бірін –бірі құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 |
| 4 | Жемісті бақка саяхат.<br>«Мен білетін жақсы сөздер». Сөз. | Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіндіру.<br>Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>Сыйластыққа, ізеттілікке тәрбиелеу | 1 |
| 5 | Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын. | Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтай алуға үйрету.<br>Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>Қарым-қатынас кезінде бір- бірін сыйлауға тәрбиелеу. | 1 |
| 6 | «Көңілді трактор»<br>Айналамыздағы дыбыстар. Дыбыс. | Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстай алуға үйрету.<br>Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту<br>Бір-бірін тыңдай білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 7 | «Жайлаудағы киіз үй».<br>Дауысты,дауыссыз дыбыстармен танысайық | Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.Табиғатты сүйуге тәрбиелеу. | 1 |
| 8 | Түрлі – түсті тастар.<br>Дауыссыз дыбыстар | Дауыссыз дыбыс ерекшеліктерін үйрету. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту. Балалардың | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | |
| 9 | «Атамның арбасы»<br>А дыбысы | "А" дыбысының әрпімен таныстыруды жалғастыру. Фонематикалық есту қабілетін дамыту.<br>Ауда , үстел үстінде, бір-бірінің арқасына жазып үйрету.<br>Достыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 10 | «Әжемнің текеметін құрайық»<br><br>Т дыбысы | Т дыбысымен таныстыра отырып, сөздер ойлатып, оларды дұрыс буынға бөлуді үйренеді.Есту сақтау қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Татулыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 11 | Ойыншықтар әлеміне саяхаттау П дыбысы | П дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіріп , осы сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрауға үйрету. Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.Ойлау қабілеттерін дамыту. Сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу. | 1 |
| 12 | «Ас атасы - нан»<br>Н дыбысы | Н н дыбысымен таныстыру, бірнеше сөзден тұратын сөйлем құрастыруды және сөздерді буынға бөлуді үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 13 | «Біз ғарышкер боламыз»<br>Ғдыбысы | Ғ дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Ғ дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 14 | Ойнайық та, ойлайық<br>«Адасқан буындар.» | Өтілген дыбыстардан буын құрауға, сөзден сөйлем құрауға жаттықтыру. Есту сақтау қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту.Ұқыптылықпен шапшаңдыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 15 | «Роботпен бір күн»<br>Р дыбысы | Р дыбысымен таныстыру, р дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Кішіпейілділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 16 | «Жеті лақ» ертегісі<br>Л дыбысы | Ертегі желісі бойынша «л» дыбысынан келетін сөздерге мысалдар келтіріп, сөйлем құрай алуға үйрету. Байланыстыра сөйлеу | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тілдерін дамыту. Мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу. | |
| 17 | Әсем гүлдер «Л», «Р» дыбыстары | "Л" және "Р" дыбыстарының орынын ажыратуға үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 18 | «Ағаш үйді құраймыз»<br>У дыбысы | У дыбысы бар сөздерді айтуға үйрету. У дыбысы кейде дауысты, кейде дауыссыз болатынын түсіндіру. Сөздік қорларын дамытып, еңбек етуге тәрбиелеу. | 1 |
| 19 | Қысқы ойындыр<br>Ш дыбысы | Ш ш дыбысының дұрыс айтлуы мен оқылуын балаларға үйрету. Фонематикалық есту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 20 | Ш дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс | Ш дыбысының дұрыс айтылуын үйренеді. Сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. | 1 |
| 21 | Сиқырлы айна ойыны .<br>Й дыбысы | Й дыбысы және әрпімен таныстыру. Й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Тіл ұстарту мақсатында й дыбысына сөз құрау арқылы балалардың ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту. Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 22 | «Шашылған заттар неге ұқсайды?» О дыбысы | О дыбысы және әрпімен таныстыру. Құрамында О дыбысы бар сөздерді талдау, о дыбысын дұрыстап дыбыстап, оның таңбасын, әрпін таныту. О дыбысы бар сөз, сөйлем ойлату арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 23 | «Сүйкімді жануарларым»<br>Қ дыбысы | Қ дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра келіп, балалардың сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету. Сөйлем ойлап табуына назар аударып, олардың сөздік қорын толықтырып, байланыстырып сөйлеуін дамыту. Жинақылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 24 | «Достық көмек»Д дыбысы | Д д дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Д дыбысы келетін сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Жаңылтпаш жаттатқызу арқылы тілдерін ұстарту, ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.. | 1 |
| 25 | «Мақта қыз бен мысық» ертегісі Пазылды | М дыбысын сөз ішінен бөліп айта | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сурет. М дыбысы | білу, дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру. Баспа түрімен таныстыру. Дұрыс оқуға төселдіру. Ойлауын дамыту. Төзімділікке тәрбиелеу. | |
| 26 | «Жұлдыз құрт» , «Жоғалған буын» дидактикалық ойыны | «Жоғалған буын» ойынын ойнай отырып, сөздер ойлап, оларды қатыстырып сөйлем құруға және сөздерді дұрыс буынға бөлуді үйренеді. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу | 1 |
| 27 | «Алтын балық» ойыны.<br>Б дыбысы | Дыбысқа қатысты ойын түрін ұйымдастырып, Б дыбысымен танысып, сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайды. Б дыбысын қатыстырып сөздер ойлап, талдауға үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 28 | «Сиқырлы сандық сырлары»<br>С дыбысы | С дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. С дыбысына сөз, сөйлем құрату арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ауызекі сөйлеу мәдениетін, қалыптастыра отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 29 | «Көңілді дыбыстар»<br>С,Ш дыбыстарын дұрыс айтамыз | «С», «Ш» дыбыстарын дұрыс айтуға үйренеді. С дыбысына қатысты өлең жаттап, сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 30 | «Көгілдір экран»<br>Ы дыбысы | Ы ы дыбысы және әрпімен таныстыру. Ы дыбысы бар сөздер айтып, талдау, сөйлем, сөз туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың сөздік қорларын толықтыру. Сөйлеу тілдерін дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 31 | Жұмбақ айта білеміз.<br>Ж дыбысы | Ж дыбысының айтылу, дыбысталу артикуляциясымен таныстыру. Ж дыбысын басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету. Сурет арқылы заттың атауын білу, ойлау қабілеттерін дамыту. Сыйластыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 32 | «Ұшты, ұшты ойнаймыз» Ұ дыбысы мен әрпі | Ұ ұ дыбысы және әрпімен таныстыру. Жеке сөздерді оқуға дағдыландыру. Ой-өрісін, қиялын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 33 | «Жаңғақтардың құпиясы»<br>Ң дыбысы | Құрамында Ң дыбысы бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге, ң | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. Балалардың тілдерін дамыту. Ұғымталдыққа тәрбиелеу. | |
| 34 | Құрастырма суреттер. «Ң» мен "Н" дыбысын үйренейік | Балаларды "Н" және "Ң" дыбысының әріптерін танып, оқу, ажырату. Дыбыстардың дұрыс айтылуын үйрету. Есте сақтау қабілетерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 35 | «Қызықты таяқшалар» Е дыбысы | Е дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Е дыбысы бар сөз, сөйлем ойлатып, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 36 | «Жоғалған буын» дидактикалық ойыны | «Жоғалған буын» ойынын ойната отырып,сөздер ойлап,оларды қатыстырып сөйлем құруға және сөздерді дұрыс буынға бөлуді үйрету. Қолдарын әдемі жазуға тәрбиелеу және қызығушылығын арттыру. | 1 |
| 37 | «Шаршының сырлы қырлары» К дыбысы | К к дыбысымен таныстыру. К дыбысына тіл ұстарта отырып сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасату. К дыбысы бар сөз, сөйлем ойлатуға үйрету. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әдемілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 38 | «Қарға мен түлкі» ертегісі І дыбысы | і дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Сөзге дыбыстық талдау жасату. Балалардың сөздік қорын, тілін дамыту. Өз ана тілін, елін, жерін сүюге тәрбиелеу. | 1 |
| 39 | «Әжемнің сандығы» Ә дыбысы | Ә дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра келіп, балаларды сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету. Ә дыбысы бар сөз, сөйлем құратып, сөздік қорын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 1 |
| 40 | «Жұма атайдың жұмбақтары» И дыбысы | И дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. И дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасату. И дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудара отырып, сөздік қорларын байыту. Тілдерін дамыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 41 | Зырылдауықтың қызықтары.<br>З дыбысы | Сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Сөздерді буынға дұрыс бөле білу, сурет арқылы заттың атауын білу, логикалық ойлау қабілетін арттыру және дамыту. Сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу. | 1 |
| 42 | «Қонақта Өрмекші адам»<br>Ө дыбысы | Ө дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Сөзді буынға бөлу дағдыларын, одан әрі дамыту. Ауызша сөйлеу икемділігіне тәрбиелеу. | 1 |
| 43 | «Үрме бұршақтармен жұмыс»<br>Үдыбысы | Балаларды Ү ү дыбысы және әрпімен таныстыру, аталған дыбысқа сөз ойлату. Сөздік қорларын байыту. Ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту. Еңбекке тәрбиелеу. | 1 |
| 44 | «Жеті түсті гүл күлтешесі»<br>Г дыбысы | Дыбыстар туралы балалардың ұғымдарын кеңейту. Аталған дыбыстар сөздің қай буынында кездесетінін білдіру. Ойын ойнату барысында игерген білімдерін бекіту. Сөзге дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. Сөздік қорын дамыту. Икемділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 45 | Қыс қызығы (буындардан сөз құра). | Сурет бойынша әңгіме құрастырады. Сөздерді дұрыс айтуға үйренеді. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойын дұрыс жеткізе біледі, байланыстырып сөйлей алады. | 1 |
| 46 | «Қызықты экран »<br>Я дыбысы | Я дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру. Я дыбысының айтылуымен және сөздегі орнын тапқыза отырып таныстыру. Өлең айтқызу, жұмбақ жасыру арқылы тілдерін ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу. | 1 |
| 47 | Я дыбысын айтып үйренейік | Я дыбысының қосарлы дауысты дыбыс екенін мысалдар келтіру арқылы түсінеді. Әртүрлі ойын ойнап, сөзжұмбақ, ребус шешу арқылы ойлаулары дамиды. Дыбысты ажыратып айта алады. | 1 |
| 48 | «Аю» туралы ән<br>Ю дыбысы | Дыбыстар туралы балалардың ұғымдары кеңейіп,. сөздік қорлары дамиды. Дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйренеді. Сөздік қорын дамыту. Достыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 49 | «Көңілді дыбыстар»<br>Юдыбысының айтылуы | Ю дыбысының қосарлы й+у дыбыстарынан құралатындығын айта отырып, ю дыбысы кездесетін сөздерді айтады.Сөздерге талдау | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жасай алады. Сөздік қорларын дамыту. Бірлесе жұмыс жасауга тәрбиелеу. | |
| 50 | «Хоккей» ойыны<br>Х дыбысы | Сөздерге дыбыстық талдау жасауды жалғастыру. Кеспе әріптерден жаңа дыбыстарды қатыстырып,, сөйлем, сөз құрастыру және оны талдауға үйрету. Дыбыстардың айтылу артикуляциясын дұрыс меңгеруін дамыту. Икемділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 51 | «Ұнтақ жармамен жұмыс»<br>Һ дыбысы | Һ дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру.Сөздік қорларын байыту, байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру. Дидактикалық материалды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін,қиялын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 52 | «Түрлі – түсті жіптер»<br>Х және Һ дыбыстарының айтылу ерекшелігіне тоқталу | Сөздерге дыбыстық талдау жасатуды жалғастыру. Кеспе әріптерден жаңа дыбыстарды қатыстырып, сөйлем, сөз құрастыру және оны талдауға үйрету. Дыбыстардың айтылу артикуляциясын дұрыс меңгерту | 1 |
| 53 | «Вагондар тізбегі» ойыны<br>В дыбысы | В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстырып, в дыбысы бар сөздерге мысалдар келтіру арқылы олардың сөздік қорын молайтып, сөйлемдер құрату арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ойлау қабілетін, қиялын, зейінін дамыту. Жинақылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 54 | «Сиқырлы шам мен құпия сандық »<br>Ф дыбысы | Ф дыбысы және әрпімен таныстыру. Ф ф әрпінің жазылуын, оқылуын меңгерту. Сөздік қорларын дамыту.Әдемі, сауатты болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 55 | «Қызықты вагондар »<br>В және Ф дыбыстары | В,ф дыбыстары және әріптерінің айтылу ерекшеліктеріне тоқталу. В,ф дыбыстары кездесетін сөздерге мысал келтіру арқылы сөздік қорларын толықтыру. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілетін, қиялын,зейінін дамыту. (Буын,сөз құрау,жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту). Достық қарым –қатынас жасай білуге тәрбиелеу.. | 1 |
| 56 | «Сыры көп бояулар»<br>Ё дыбысы | Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасай біледі. Сөздерді буынға дұрыс бөліп, сурет арқылы заттың атауын атайды. «Триз» әдісі арқылы бағыт бағдар арқылы жаңа дыбыстың | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | таңбасын салау, ойлау қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу. | |
| 57 | «Дыбыстардың достығы»<br>Ё дыбысы – екі дыбыстың бірігуі арқылы жасалған. | Ё дыбысы – екі дыбыстың (Й+О)бірігуі арқылы жасалғандығын яғни Ё әрпімен таңбаланатындығын түсіндіру. Ё дыбысына қатысты мысалдарды оқыту. Сөйлеу тілдерін, сөздік қорларын дамыту. Мамандықтарға ( шахтёр, монтёр) құрмет көрсетуге тәрбиелеу. | 1 |
| 58 | «Үйшік» ертегісі<br>Сөйлем құрайық. | Мазмұнды сурет бойынша әңгіме құрастыруды үйрету. Сөздік қорларын байытып, байланыстырып сөйлеулерін дамыту. Ұйымшылдыққа тірбиелеу. | 1 |
| 59 | «Ғажайып дорба»<br>Э дыбысы | Э дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра келіп, Ойын арқылы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын дамыту. Ұғымталдыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 60 | «Соқыр теке» ойыны<br>Щ дыбысы | Щ дыбысы және әрпімен таныстыру. Щ дыбысына мысалдар ойлату арқылы сөздік қорларын молайту, ойлау қабілетін, қиялын, зейінін дамыту. Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 61 | Буындардан сөз құра. | Сурет бойынша сөз құрастыру. Сурет бойынша байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойын дұрыс жеткізе білуге, байланыстырып сөйлеуге баулу. Отан сүйгіштікке, достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу. | 1 |
| 62 | «Түрлі – түсті шарлар»<br>Ц дыбысы | Ц дыбысы және әрпімен таныстыру. Ц дыбысына қатысты жаңа сөздерді оқыту арқылы балалардың білімі мен тілін дамыту. Әдемілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 63 | Сурет бойынша әңгіме | Балаларға сурет бойынша әңгіме құратып, өлең жаттау. Ц дыбысы бар сөздерді оқыту. Есте сақтау қабілеттері мен сөздік қорларын дамыту. Достыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 64 | «Чемоданның сыры»<br>Ч дыбысы | Ч дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру. Ч дыбысы бар сөздерге мысал келтіру арқылы сөздік қорларын толықтыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Тазалыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 65 | Бірінші буынын тап | Сөздердің аталған бірінші буынын ажыратып айтуға жаттықтыру. Бірнеше сөзден сөйлем құрастыруға | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | баулу.Есте сақтауын дамыту. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. | |
| 66 | «Көңілді дыбыстар» | Өтілген дыбыстарды еске түйіп дауысты , дауыссыз екендгін ажырату. Дыбысталуын, сөздегі тұрған орнын біледі. Өлеңдерді, тақпақтарды жатқа айта алады. | 1 |
| 67 | Әйбат біздің Әліпби. | Өткен дыбыстарды қайталату арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын арқылы дыбыстардан сөз, сөзден сөйлем құрастыруға үйрету. Ойлауын дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 68 | Сурет бойынша әңгіме. | Балалардың жыл бойына меңгерген білімдерін бекіту. Сурет бойынша байланыстырып сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру. Ойлауын, сөйлеу тілдерін дамыту.Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | 1 |
| 69 | Буындардан сөз құра | Буындардан сөз құрап оқуға жаттықтыру. Сурет бойынша сөйлемдер құрау арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сұрақтарға жауап беруге, өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу. Балалардың сөзді ести білу, есте сақтай алу қабілетін, тіл байлығын, ой-өрісін, логикалық ойлауын дамыту. Жинақылыққа тәрбиелеу | 1 |
| 70 | Сөз құрастыр | Өткен дыбыстарды қайталату арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын арқылы дыбыстардан сөз, сөзден сөйлем құрастыруға үйрету. Ойлауын дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 71 | Қызықты ребустар. | Балаларға қызықты суретті тапсырмалар арқылы, сөздерді дұрыс жазуға машықтандыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Әдептілік пен достық қарым – қатынаста жұмыс жасауға тәрбиелеу. | 1 |
| 72 | Ғажайып алаң | Өтілген материалдарды пысықтау. Сөйлем құрау, сөзді буынға бөлу, әңгіме құрастыру, дыбыстарды ажырата білу, жаттаған тақпақтарын естеріне түсіру түсініктерін бекіту. Достыққа, ауызбірлікке тәрбиелеу. | 1 |
| | | Барлығы | 72 |

Қолданылған әдебиеттер:

1.Негізгі әдебиеттер:

1.1 .Ә.С. Әмірова « Сауат ашу және жазу» Алматы. « Алматы кітап баспасы» 2013ж.

1.2. Байбота Қошым –Ноғай «Әліппе» Алматы кітап баспасы 2019 ж.

2.Қосымша әдебиеттер:

2.1.С.Н.Жиенбаева, З. Муфтибекова «Сауат ашу негіздері» Алматы кітап баспасы 2017 ж.

2.2.Байбота Қошым –Ноғай, Светлана рофимова «Сауат ашу, оқу және жазу» Алматы 2019 ж.

2.3.Елубаев Е. «Жүз жұмбақ, жүз жаңылтпаштар» Алматы"Мектеп" 2005 ж.

2.4 . Қазақ тілінен үлестірме дидактикалық материалдар. Атамұра 2002 ж.

2.5. Малайсары Ж. «Қарлығаш» хрестоматиясы, әдістемелік кітап . Алматы кітап баспасы 2018 ж.

3.Анықтама :

3.1 « Балалар әлемі» сайт

3.2. «BILIMKIDS» сайт

3.4. «DARYNDY BALA» сайт